Тәрбие сағаты:

# Ұрпаққа берген ұлағатты тәрбие мәңгілік елдің кепілі

Мұғалімі: Г.У.Танашева
Сыныбы: 8ә кл

Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

ЖАҢҒЫРУ

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

## Мақсаты

- Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту;
  Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.

## Күтілетін нәтиже

- **Оқушылар рухани жаңғырудың – мәңгілік ел болуымыздың кепілі екенін біледі.**

## Түйінді идея

- **Ұрпаққа берген ұлағатты тәрбие мәңгілік елдің кепілі**

# Оқушыларды топқа бөліп, тақырыпты ашуы

Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

ЖАҢҒЫРУ

БАҚЫТТЫ
БАЛАЛЫҚ
ШАҚ






**Ұрпаққа берген ұлағатты тәрбие мәңгілік елдің кепілі**








Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Мәңгілік ел идеясының маңыздылығы Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы- 2050 : бір мақсат, бір мүдде бір болашақ» жолдауында негіз етіп алынды. Басты мақсат - қазақстанның ең дамыған мемлекеттер қатарына қосылу. Ұлттық дамуын нақтылайтын алға жетелейтін 5 реформа белгіленіп , ол реформаларды жүзеге асыратын 100 нақты қадам бойынша бүгінде нақты істер жасалынып жатыр. Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып , болашағымызды баянды ету жолындағы мұратымыз.

Рухани жаңғыру дегеніміз – ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, мәдени дәстүрлерді берік сақтай отырып, оны жаңа заман жетістіктерімен және жалпыадамзаттық құндылықтармен байыту.

# Ассоциация



# Ассоциация



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

**Мәңгілік елдің кепілі не?**







* Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті.
  -Бұл -2050 жылға дейін 30 елдің ішіне кіреміз деген бағдарлама. Халықтың әл-ауқатын көтеруге арналған.
  -Болашақ бағдарын айқындайтын Елбасының «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы Қазақстан дамуындағы аса маңызды межелерді анықтап берді.
* Білім сапасы көтерілмей, еліміз қарқынды дамудың жолына түсе алмайды. Мұны Елбасы бұрынғы жолдауларында да, басқа да сөйлеген сөздерінде айтып жүр. «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», - дейді Жолдауында Н.Ә. Назарбаев.
* Елбасымыз өз сөзінде «... Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік қазақтың перзенті. Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – «Мәңгілік Ел» - деп, қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген жиі талқыға түсіп жүрген сауалға нақты жауап берді. Сондықтан бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық идея айқын, ендігі міндет болашағымызға бағдар ететін – «Мәңгілік Ел» идеясын қалыптастыру жолында қызмет ету. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.Ендігі ұрпақ Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы –Мәңгілік Ел!
* Нұрсұлтан Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алды.Біз өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекетсіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Біз өзгенің қателігенен , өткеннің тағылымынан сабақ алуымыз тиіс.Ол сабақтың түйіні  біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің қолымызда!Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек!Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

* **Ой қорыту**
* 1-топ Мәңгілік елдің кепілі
* 2-топ Рухани жаңғыруға бастар жол
* 3-топ Мәңгілік ел –бақытты балалық мекені

* **Сабақты қорытындылау:**
* - Мәңгілік Ел болу үшін  ертеңгі өскелең ұрпақ ретінде не істеуіміз керек?